

ӘОЖ 81:001.12/18

Ж.Б. Саткенова¹, Л.Т. Әлімтаева², Ә.Ж. Әміров³,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

¹доценті, ф. ғ. к., ²доценті, ф. ғ. к., ³доценті, ф. ғ. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: jaina1978@mail.ru; lazalim_72@mail.ru; abdibek71@mail.ru

Антропоэзектік парадигмадағы когнитивтік лингвистиканың орны мен қызметі

Бұл мақалада антропоэзектік парадигмадағы когнитивтік лингвистика ғылымының қалыптасуы мен дамуы, ғылыми парадигмалардағы орны мен қызметі туралы баяндалады. Когнитивтік лингвистика саласындағы негізгі бағыт тіл мен адам санасын біртұтас жүйе тұрғысынан қарастыру болып табылатындығы, ол сан ғасырлық тілдік білімді адам миының жемісі ретінде бағаланып, күрделі құрылым, жүйе ретінде кешенді сипаттауға бағытталғандығы айтылады. Когнитивтік лингвистика ғылымының теориялық бағыттары, отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі зерттелуі жан-жақты қамтылады. Когнитивтік лингвистика ғылымының базалық ұғымдары (концепт, стереотип, фрейм, гештальд, ойбейне, сценарий, т.б.) , негізгі ұстанымдары сөз етіледі.

Қазіргі когнитивтік лингвистика ғылымының негізі тіл білімінің дәстүрлі зерттеу нысандарына сүйене отырып анықталатындығы айталады. Ондағы ұғым-түсініктің базалық сипатына тілдік-танымдық тұрғыдан қорытынды жасауға болатындығы баяндалады. Когнитивтік лингвистиканың жеке ғылым ретінде танылуы үшін оның негізгі ұғымдары, өзіне тән категориялары болуы шарт екендігі қарастырылған.

Түйін сөздер: когнитивтік лингвистика, парадигма, тіл білімі, теориялық бағыт, концептуалдылық, танымдық ғылым.

Zh. Satkenova, L.T. Alimtayeva, A.Zh. Amyrov

The role and functions of cognitive linguistics in anthropocentric paradigm

This article deals with the formation and development of cognitive linguistics in anthropocentric paradigm as well as the role and functions of cognitive linguistics in scientific paradigms. The main direction of cognitive linguistics is the treatment of the language and consciousness as a unified system. In this article linguistic knowledge is estimated as a result of the work of human brain and is described as a complex structure and system. Theoretical directions of cognitive linguistics as well as their research in scientific works of scientists are considered in this article. The basic concepts and the main principles of cognitive linguistics are given consideration to in this article too.

This article is about the principles of cognitive linguistics and the possibilities of description of the basic concepts of cognitive linguistics from the point of cognition. Conditions of the formation of cognitive linguistics as a separate science with its own concepts and characteristic categories are dealt with in the given article.

Key words: cognitive linguistics, paradigm, linguistics, theoretical direction, conceptuality, informative science.

Ж.Б. Саткенова, Л.Т. Алимтаева, А.Ж. Амиров

Роль и функции когнитивной лингвистики в антропоцентрической парадигме

В этой статье рассматриваются формирование и развитие когнитивной лингвистики в антропоцентрической парадигме, а также роль и функции когнитивной лингвистики в научных парадигмах. Основным направлением когнитивной лингвистики является рассмотрение языка и сознания человека как единая система. В данной статье лингвистическое знание оценивается как плод работы человеческого мозга и описывается как сложная структура и система. В статье также разнос-

торонне рассматриваются теоретические направления когнитивной лингвистики, а также их исследование в научных трудах отечественных и зарубежных учёных. Обсуждаются базовые понятия (концепт, стереотип, фрейм, гештальд, сценарий) и основные принципы когнитивной лингвистики.

В статье говорится об основах современной когнитивной лингвистики и о возможности описания базовых понятий когнитивной лингвистики с позиции познания. Также рассматриваются условия становления когнитивной лингвистики как отдельная наука со своими основными понятиями и характерными категориями.

Ключевые слова: когнитивная лингвистика, парадигма, языкознание, теоретическое направление, концептуальность, познавательная наука.

Ғылымдар тоғысындағы интеграция үдерісінің нәтижесінде тіл білімінде жаңа ғылым пайда болды. Антропоэзектік парадигмада когнитивтік лингвистиканың алар орны айрықша. «XXI ғасырда дүниеге келген антропоэзектік парадигма тілді құрылымдық, жүйелік парадигмамен сабақтастықта зерттей отырып, тілді тек қарым-қатынас пен ойды білдірудің құралы емес, ұлттың рухани, мәдени коды ретінде қарастырады» [1, 198].

Когнитивтік лингвистика антропоэзектік парадигмадағы базалық ілім деңгейінде қарастырылады. Осы бағытта біршама зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Осының нәтижесінде Еуропада XX ғасырдың соңына қарай когнитивтік ғылымның теориялық бағыттары жетіліп, терең зерттеліп, қанатын кеңге жая түседі. Осы тұста Дж. Лакофф, Р. Лангакер, Т. Ван Дейк, Дж. Хэйман, Х.И. Шмидт, М. Джонсон, М. Витгенштейн, Г.Н. Кент сияқты шетелдік ғалымдардың когнитология саласына қатысты еңбектері жарық көреді. Зерттеушілер танымдық ғылымдар аясында тілдің «әлемнің тілдік бейнесін» сипаттаудағы қызметіне көңіл бөле бастады.

Когнитивтік ғылымның қалыптасуы мен дамуындағы негізгі ерекшеліктеріне, зерттеу нысанына, бағыттары мен ұғымдарына шетелдік ғалымдар ерекше назар аударады. Когнитивтік лингвистика ғылымының бастауы шетелдік ғалымдар, классикалық тіл білімінің көрнекті өкілдері В. фон Гумбольд, Г. Штейнтала, А.А. Потебня, И.А. Бодуэна де Куртене, Ф.Ф. Фортунатова, В. Виноградов еңбектерінен негіз алған. Дж. Миллер когнитивтік ғылымның дүниеге келуін «XX ғасырдың 50 жылдарында дүниеге келген ақпараттар теориясының симпозиумы» деп жоғары бағалайды. 1960 жылы Гарвард университетінде американдық профессор Дж. Бруннер Дж. Миллермен бірге когнитивтік зерттеу орталығын ашады. Аталған орталық когнитивтік лингвистика ғылымының қалыптасып, дамуына өзіндік үлесін қосады.

Когнитивтік лингвистикада тіл адам баласының танымын сипаттайтын басты құрал ретінде

саналады. Санадағы, ойдағы, адам миындағы аппарат тек тіл арқылы ғана бейнеленіп, сыртқа шығады. Тіл арқылы коммуникативтік байланысқа түседі. Концептуалды санадағы білім адамның дүниеге деген, қоршаған ортаға деген көзқарасынан мол ақпарат береді. Шындығында тіл арқылы берілген білім, әлем туралы білімнің бөлшегін құрайды. Бұл жөнінде зерттеуші Ш.К. Жарқынбекова «когнитивтік лингвистика орталығында тіл жалпы когнитивтік механизм секілді орналасқан бағыт ретінде бағалап, қазіргі заманғы лингвистиканың міндеті тілдің адамның танымдық әрекетіндегі, яғни білімді алу, сақтау жетілдірудегі рөлін зерттеу болып табылады» – дейді [2, 31].

Когнитивтік лингвистика ғылымының негізгі зерттеу бағытына жеке тұлғаның қоршаған орта туралы біліміне негізделген танымдық ғылымның нәтижесі жатады. Адамның күрделі танымдық әрекеті білу, ойлау, қорытынды жасау әрекеттерімен сабақтастықта болады. Ол тілдік бірліктер арқылы ойлау жүйесі арқылы түйсік, түсінік, ұғым арқылы жеткізіледі. Олардың тілдегі көрінісі кестелер, сызбалар, фреймдер мен сценарийлер, ойсуреттер немесе ойбейнелер негізінде сипатталады. Осыған байланысты когнитивтік ғылымдағы тілдің қызметі екі аспектіде жүзеге асады:

- әлемнің тілдік бейнесін сипаттаудағы қызметі
- менталдылық жүйенің сөйлеудегі көрінісі.

Когнитивтік лингвистика саласындағы негізгі бағыт тіл мен адам санасын біртұтас жүйе тұрғысынан қарастыру болып табылады. Ол сан ғасырлық тілдік білімді адам миының жемісі ретінде бағалап, күрделі құрылым, жүйе ретінде кешенді сипаттауға бағытталған. «Когнитивтік ғылым» термині алғашқыда белгілі ақпаратты қабылдау, оны електен өткізу, ми қыртыстарында сақтай отырып, қажетті кезде оны тәжірибеде қолдану үшін енгізілген. Нәтижесінде адамның миында білімнің қалыптасып және тотығу жүйелерін зерттейтін ғылыми пәндер есебінде қолданылады. Зерттеушілердің пікірінен адам

санасында, миында қалыптасқан білім қыртыстарының көрінісі тек тілдің қызметі арқылы жүзеге асатындығын аңғаруға болады.

Қысқаша когнитивтік терминдер сөздігінде когнитивтік лингвистикаға мынадай анықтама беріледі: «Когнитивная лингвистика – это лингвистическое направление, в центре внимания которого находится язык как общий когнитивный механизм, как когнитивный инструмент – система знаков, играющих роль в репрезентации (кодировании) и трансформировании информации» [3].

Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистикаға қатысты зерттеулер ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарында ғана қолға алына бастады. Р. Сыздықова, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Г. Гизатов, Қ. Жаманбаева, Ж. Манкеева, Э. Сүлейменова, Г. Смағұлова, Б. Момынова, А. Ислам, Ш. Елемесова, Н. Аитова сияқты зерттеушілер бұл мәселені лексикология, этнолингвистика, когнитология, лингвомәдениеттану салалары тұрғысынан қарастырып келеді. Академик Ә. Қайдардың этнолингвистика саласына қатысты ойлары, профессор Ж. Манкееваның танымдық лингвистика туралы пікірлері қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың қалыптасуына негіз болды.

Профессор Ж. Манкеева «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты ғылыми мақаласында когнитивтік лингвистикадағы тілдің бейнелеушілік қызметінің зор екендігін атап көрсетеді, ұстанымдарын айқындайды:

1. Қоғамдық тәжірибеге негізделу, танымның қазыналық сипаты.

2. Таным модельдерінің символдық түрлері, яғни-тілдің қызметі – ақпарат беру емес, бейнелеуге мүмкіншілік жасау. Яғни тіл арқылы бейнелілік пен дүниедегі объективті шындықты субъективті түрде символдар арқылы беру.

3. Таным модельдерінің жүйелі сипаты, сабақтастығы. Яғни ол – таным моделінің құрылымдарының тұтасуынан тұратынын сипаттайды [4, 41]. Ғалым бұл ұстанымдар арқылы дүниенің тілдік бейнесін танудағы тілдің мәдениетпен, қоғаммен, халықтық тәжірибемен тығыз байланыста екенін көрсетеді.

Нақты когнитивтік бағыттағы зерттеу еңбектері ретінде Г. Гизатовтың еңбегін атауға болады. Зерттеушінің «Сөйлеу қызметіндегі когнитивтік модельдер: типологиясы мен динамикасы» атты докторлық диссертациясы осы бағыттағы тың зерттеу болып табылады. Докторлық диссертацияда адам санасындағы білімнің көріну деңгейі, берілу тәсілдері, құрылымы

мен динамикасы қарастырылған. Когнитивтік модельдер универсумдар ретінде алынады. Осы саладағы іргелі еңбектердің бірі ретінде Қ. Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» атты монографиясын атауға болады. Бұл еңбекте зерттеуші тілдік сананың құрылымын анықтап, гештальт теориясын түсіндіреді.

Ғалым Б. Момынова «Қазақ тіліндегі қоғамдық саяси лексика (әлеуметтік-бағалауыштық, сөзжасам)» [4] атты еңбегінде когнитивтік бірліктердің көріністену репрезентациялану ерекшеліктеріне тоқталып, бағалауыштық сипатын қарастырады. Профессор А. Ислам өз мақалаларындағы когнитивтік лингвистикадағы «тілдік тұлға» мәселесін көтерсе, Г. Әзімжанова көркем мәтіндегі доминант сөздердің когнитивтік ерекшеліктерін қарастырады. С.И. Жапақовтың диссертациялық жұмысында эпикалық фразеологизмдердегі ақиқат пен бейақиқат, дүние прагменттерінің тілдік бейнесі мен когнитивтік лингвистиканың басқа да мәселелері қарастырылған, С. Ақаев «Сөздің когнитологиялық сипаттары» атты мақаласында когнитологиялық талдаудың тәсілдеріне тоқталып, ойлау ой қабылдау, қорыту сияқты абстрактілік құбылыстарды зерттеу әдісі ретінде қарастырады. Зерттеуші А. Әмірбекова көркем мәтінге концептуалдық талдау жасаудың үлгілерін ұсынады. Ал А. Сыбанбаева, Б. Қасым, Н. Зайсанбаевалар метафораның танымдық сипаты туралы пікірлерін ортаға салады.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі базалық категориясы – концепт. Отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері бойынша концепт – «фреймге құрылған білім» (В.Н. Телия), «тілдік көрінісі бар және этномәдени айрықшылықпен белгіленген ұжымдық білім/сана бірлігі» және «түсініктердің, ұғымдардың, білім, ассоциациялардың, күйзелістердің «байламы», адамның менталдық әлеміндегі мәдениеттің негізгі ұяшығы» (Ю.С. Степанов), «ұғымдық, бейнелік, маңыздылық белгілерге ие лингвомәдени бірлік» (С.В. Воркачев), «кешенді, қатаң құрылымданбаған, шындықты бейнелеудің, сыртқы әлемді танудың өнімі болып табылатын және көпқабатты ұйымдастырылуымен сипатталатын, өз бойына қандай да бір тілдік формадағы заттанған ұғымдық, бейнелік және құндылықты бөліктерді тоғыстыратын менталдық, мағыналық білім» (В.В. Колесов, Ю.С. Степанов, И.А. Стернин), «ақиқат немесе мінсіз әлем затын бейнелейтін және тіл иесінің ұлттық жадында вербалдық тұрғыдан белгіленген түрде сақталатын ұжымдық сананың дискретті

мазмұндық бірлігі» (А.П. Бабушкин), «этникалық тілдің қазынасы» (А.Б. Марковкина), «абстракттілі семантикалық білім» (Н.А. Красавский), «тілдік абстракция» (Г.Н. Берестнев).

Зерттеушілердің пікірінен мынадай тұжырым жасауға болады. Концепт ретінде саналатын тілдік бірлік біріншіден «өзек, тірек» бола алатын қасиетке ие бола алуы қажет; екіншіден, белгілік және дефинициялық құрылымын айқындау үшін ұғымдық мағынаға ие бола алуы керек; үшіншіден тілдік санада бейнелік сипатта көрінуі қажет; төртіншіден коннотативтік және ассоциативтік мәнде жұмсалуды керек; бесіншіден, адамның танымдық және ойлау әрекетінің нәтижесі болғандықтан, абстракттілі мағынаға ие бола алуы шарт, алтыншыдан концепт жеке тұрып танылмайды, оны белгілі бір контекст аясында сөзбен бірге байланыста қарау керек, жетіншіден концепт бола алатын тілдік бірлік өзіне өзек болып тұрған тірек мағынамен белгілі бір өріс шеңберінде қарастырылуы қажет; тоғызыншыдан, концепт бейнелермен, ұғымдармен және символдармен вербалданады әрі коннотативтік және ассоциативтік мағынаға ие болғандықтан белгілі бір бейнелердің немесе түсініктердің өзіндік абстракциясы ретінде ұғынылады; оныншыдан, шындықты бейнелеудің, сыртқы әлемді танудың коды болып табылады.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі базалық ұғымы ретінде танылатын концептілер ең алдымен адам санасында, адам танымында

көрініс табады. Адамның сезімі, ойлау әрекеті, вербалдық және бейвербалдық амал әрекеті концептілердің толық әрі жан-жақты танылуына ықпал етеді. Нәтижесінде сөз арқылы сыртқа шығады. Фразеологиялық бірліктер, идиомалар, клише, мақал-мәтелдер, афоризмдер, стереотиптер, ойбейнелер ретінде концептілік өріс құрады. Мәдени-маңызды ақпарат дереккөзі ретінде когнитивтік лингвистикада басты орын алады, «әлемнің тілдік бейнесін» жасайды.

«Әлемнің тілдік бейнесі» әр халықтың, ұлттың танымында өзгеше сипатқа ие болады. Әр халықтың ойлауы мен таным қызметінде, оның физикалық және вербалдық мінез-құлқында танымдық-психологиялық аспектіде айқындалады. Ұлттық ділі, тарихы, дәстүрі, ұрпақтар сабақтастығы арқылы жалғасқан әлем бейнесі тілдік кумулятивтік қызметі арқылы көрініс табады.

Қазіргі когнитивтік лингвистика ғылымының негізі тіл білімінің дәстүрлі зерттеу нысандарына сүйене отырып ұғым-түсініктің базалық сипатына тілдік-танымдық тұрғыда қорытынды жасау болып табылады. Когнитивтік лингвистиканың жеке ғылым ретінде танылуы үшін оның негізгі ұғымдары, өзіне тән категориялары болуы шарт. Когнитивтік лингвистика ғылымының терминдік-ұғымдық аясына *концепт*, *ұғым*, *символ*, *концептік өріс*, *субконцепт*, *фeyм*, *ойбейне*, *стереотип*, *геитальд* сияқты бірліктер жатады.

Әдебиеттер

- 1 Саткенова Ж. Антропоэлектік парадигмадағы «тілдік тұлға» теориясының қалыптасуы мен дамуы // Новые парадигмы в когнитивной лингвистике. – Серия «Филологический сборник». – Вып. 13. – 2014. – Б. 198.
- 2 Жаркынбекова Ш.К. Сопоставительная лингвоконцептология как новое перспективное направление в современной лингвистике. Жизнь языка и язык в жизни. Сб. статей, посвящ. юбилею. Э.Д. Сулейменовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – С. 475.
- 3 Қысқаша когнитивтік терминдер сөздігі. – Алматы, 2002. – Б. 160.
- 4 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Қазақ филологиясы: егіз негіз. – Алматы, 2010. – Б. 273-278.
- 5 Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық саяси лексика (әлеуметтік-бағалауыштық, сөзжасам). – Алматы, 2007. – Б. 56.

References

- 1 Satkenova J. Antropo'zektik paradi'gmadaghi' «tildik tulgha» teori'yasi'ni'ng qali'ptaswi' men damwi' // Noveye paradigmy v kognitivnoy lingvistike. – Seriya «Filologicheskiy sbornik». – Вып. 13. – 2014. – Б. 198.
- 2 Zharkynbekova Sh.K. Sopostavitel'naya lingvokontseptologiya kak novoe perspektivnoe napravlenie v sovremennoy lingvistike. Zhizn' yazyka i yazyk v zhizni. Sb. statey, posvyasch. yubileyu. E.D. Suleymenovoy. – Almaty: Kazak universiteti, 2005. – S. 475.
- 3 Qi'sqasha kogni'ti'vtik termi'nder so'zdigi. – Almati', 2002. – B. 160.
- 4 Mankeeva J. Qazaq tilin zertteding kogni'ti'vtik negizderi // Qazaq fi'lologi'yasi': egiz negiz. – Almati', 2010. – B. 273-278.
- 5 Momi'nova B. Qazaq tilindegi qoghamdi'q sayasi' leksi'ka (a'lewmettik-baghalawi'shti'q, so'zjasam). – Almati', 2007. – B. 56.